



**БЕДЕЛІ –  
СӘУЛЕТІ,  
ЕҢБЕГІ –  
ДӘУЛЕТІ**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ЖАҢА РЕФОРМАЛАР ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН НЫҒАЙТАДЫ



Қазақстанның тұғырын бекіту жолында ел деп еңбек еткен тұлғалы азаматтың бірі – ПМ еңбек сіңірген қызметкері, ПМ Алматы, Қостанай және Қарағанды академиясының Құрметті профессоры, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, ПМ Құрметті ардагері генерал-майор Талап Қабденов. Құқықтық жүйені дамытуда сапалы кадрлар даярлаудың маңызы қашанда зор екені мәлім. Талап Қабденов осы жолда бар біліктілігі мен жігерін аямаған тұлға. Биыл 80 жастың сеңіріне шықса да еңбектен қол үзбей, өзінің мол тәжірибесін бүгінгі ұрпаққа үйретіп, М.Есболатов атындағы Алматы академиясы Ардагерлер кеңесінің тізгінін ұстап отыр.

Талап Қабденовтың еліне қызмет етудегі дара жолы – еңбекқорлығы мен талапшылдығы, генералдың қызметтегі өмір жолы да көпке үлгі. Батыс Қазақстан облысы Бөкейорда ауданында туып-өскен Талап Қабденұлының балалық шағы соғыстан кейінгі жұқалтаң кезеңде өтті.



Жоғарғы Сот, Парламент Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті және Сот әкімшілігі «Жүргізілген сот реформасының өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

ПАРЛАМЕНТ

## ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫНАН КЕЛГЕН ЗАЛАЛ – 45 МЛРД ТЕҢГЕ

«Алаяқтық схемаларды ұйымдастырушылар ғана емес, оған ықпал ететіндер де қатаң жауапқа тартылуға тиіс. Ол – мобильді операторлар, қаржы ұйымдарының қызметкерлері, дропперлер және басқа да қатысушылар. Мәселе бүгін ғана көтеріліп отырған жоқ. Бұған дейін де бірнеше мәрте уәкілетті органдарға депутаттық сауал жолданған еді. Кибералаяқтықпен күресті күшейтіп, қылмыстық жауапкершілікті барынша қатаңдатуға тиіспіз. Заңды күшейтпей, халыққа қолайсыздық туғызып отырған алаяқтардың әрекетін тоқтату мүмкін емес» деп мәлімдеді Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата спикері Ерлан Қошанов. Бұл дәстүрлі басқосуда депутаттар инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру туралы және күзет қызметі мәселелері бойынша заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдаған болатын.

Жаңа құжат аясында барлық бастама төрт негізгі бағыт бойынша жүйеленген. Заң жобасын қорғаған Цифрлық даму, аэроға-

рыш министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, бірінші блок Astana Hub және «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік

қорының функцияларын бір жерге шоғырландыруға бағытталған. Онда мемлекеттік қолдау шараларын Astana Hub инновациялық кластерлік қорына беру ұсынылды, бұл экожүйенің тиімділігін күшейтеді. Мақсат – IT саласында жоғары нәтиже көрсеткен Astana Hub үздік тәжірибелерін біріктіру ғана емес, сонымен бірге оны кеңейту.


Министрдің айтуынша, берілген салық преференцияларының әрбір теңгесіне Astana Hub резиденттері 6,5 теңге түсім, 2,1 теңге экспорт және 1,8 теңге тартылған инвестицияларды қамтамасыз еткен. Яғни, әрбір қолдау шарасы экономикаға еселі нәтиже береді. Түзету авторлары бұл тәсілді басқа инновациялық салаларда қолдануды және нақты секторға жұмыс құралдарын енгізуді ұсынады. Қалған екі блок ұзақ

мерзімді перспективада өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізу үшін Astana Hub дербес кластерлік қоры біріккен ұйымын қаржыландыруға, сондай-ақ венчурлық нарықты дамытуға және бірлескен қаржыландырудың тиімділігін бағалауға қатысты. Заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі, депутат Айтуар Қошмамбетов бұл түзетулерді қабылдау Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтай отырысында алға қойған инновациялық саланы қолдау міндетін іс жүзінде жүзеге асыруға үлкен қадам болатынын айтты.

Жаңа құжатты талқылау барысында кибералаяқтық мәселесіне айрықша назар аударылды. Өйткені, бүгінгі таңда бұл әрекет жалпы қылмыс құрылымында жетекші орын алады. Сонымен қатар, олардың жартысы интернетте жасалады. Тек соңғы 5 жылда алаяқтық әрекет саны 1,5 есе өсіпті. Ал, 2024 жылы интернет-алаяқтықтың 22 мыңнан астам жағдайы тіркеліп, олардан келген залал құны шамамен 45 млрд теңгеге жетті. Алайда интернет-алаяқтықтың ашылуы тек 36% ғана екен.

(Жалғасы 3-бетте)

2-бет




**Адам құқығы еңбекті бағалаудан басталады**

6-бет



**Жастар және ғылым: болашаққа бастар сенімді қадам**

8-бет



**Қиямет**













